


11 ДӘРІС



Сертификаттау саласында
қолданылатын негізгі ұғымдар мен
анықтамалар

Сертификаттау болмысы
Сертификаттау объектілері



КІРІСПЕ

- Табиғат жаратқан немесе нақты бір қажеттілікті қанағаттандыру үшін қолдан жасалынған материалдық объект, қандайда бір **қасиеттер жиынтығымен** сипатталады



ҚАСИЕТ

- **Қасиет** дегеніміз- бұйымның (объектінің) басқа заттармен ортақ немесе әралуан жақтарын көрсететін және оның соларға қатынасын байқататын философиялық категория



ШАМА

- **Шама** (физикалық шама) – сапалық қатынаста көптеген физикалық шамаларға ортақ (физикалық жүйелердің жағдайы мен оларда болып жататын процестер), ал сандық қатынаста әрқайсы бөлек қасиет ерекшелігі



С А Н

- **Сан** – философиялық категория, объектінің сыртқы анықтығын көрсететін қасиет: оның размері, саны, көлемі, даму дәрежесі, т.б.; қасиетінің сандық анықтығының өзгеруі (қасиеттер жиынтығы), нақты бір көрсеткішке жеткенде объектінің сапасының өзгеруіне әкеледі




САПА

- **Сапа** – нақты осы объект екенін көрсететін қасиет, объектінің ішкі нақтылығын көрсететін философиялық категория. Сапа дегеніміз өнімнің нақты және жалпы сипатын беретін, қасиеттерінің жиынтығымен анықталатын объект сипаты



СЕРТИФИКАТТАУ

- Сертификаттау деген термин алғаш стандарттаудың халықаралық ұйымының (ИСО) сертификаттау мәселелері туралы Комитетімен(СЕРТИКО) 1982жылы нақтыланған



Өнімнің сапалы, «дұрыс жасалынғандығына» көз жеткізу үшін, оның қандай талаптарға сай екенін және оның сәйкестігі туралы ақиқатты айғақтарды қалай алуды білу керек

- Сертификаттау деген сөз латын тілінен аударғанда «бекіту, куәліктеу» (certificate-куәлік) дегенді білдіреді



СЕРТИФИКАТТАУ

- Сертификаттау дегеніміз өнімнің, қызметтің, процестің белгіленген талаптарға сәйкестігін растап, жазбаша кепілдік беретін іс реті



Сертификаттау объектілері

- өнім, көрсетілетін қызмет, процестер, жұмыстар және сапа жүйелері(өндіріс)



Сертификаттау жұмыстары

- Сертификаттау жұмыстарын жүргізу үшін келесі шарттар орындалуы тиіс:
 - - сертификаттау объектілері анықталуы;
 - - талаптарына сәйкестігін анықтауға арналған нормативтік құжаттардың түрлері мен категориялары бекітілуі;




Сертификаттау жұмыстары

- - сәйкестікті растайтын сынақтарды жүргізу реті мен ережелері қалыптастырылуы;
- - сертификаттау жұмыстарын жүргізуге жағдай жасалуы, яғни сәйкес салада аккредиттелген сертификаттау органы мен сынақ зертханалары болуы



Өнім түрін анықтау

- Бірінші кезеңде елде шығарылатын және әрдайым шетелге импортталатын өнімнің түрін анықтау жөн.
- Келесі кезеңде ҚР орналасқан сынақ зертханаларында сыналатын өнімдерді реттеу.

- 
- Міндетті сертификаттауға жататын объектілер түрлерін анықтау үшін, өндірілетін және тұтынылатын өнімге талдау жүргізу және келесі шарттарды ескеру қажет:
 - өнім үлкен көлемде шығарылып, үнемі импортталуын;
 - өнім немесе қызметтің техникалық сипаттамасын анықтайтын, ҚР жұмыс жасайтын нормативтік құжаттың (ГОСТ немесе СТ РК) қажеттілігі.

Біртектес өнімдерді сертификаттау



- Сертификаттау жүйесі нақты бір өнімнің (процестің, қызметтің) сәйкестігін дәлелдейтін болса, онда ол **біртектес өнімдерді сертификаттау жүйесі** деп аталып, тәжірибеде тек қана осы өнімдерге қатысты стандарттарды, ережелерді және іс ретін пайдаланады

Үшінші жақтың сәйкестікті бағалауы



- Сертификаттау деп, **үшінші бір жақтың** ұқсастырылған өнімнің, процесс немесе қызметтің нақты бір стандартқа, нормативті құжатқа сәйкестігін дәлелдейтін іс-әрекетін айтамыз